

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.М. Жамаловқа**

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Д.К. Әлімбаевқа**

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Г.А. Нұрымоваға**

29.06.2022 жылғы ДЗ-216 депутаттық сауалға

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Құрметті Данияр Кеңғазыұлы!

Құрметті Гүлдара Алданышқызы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Сіздің 2022 жылғы 29 маусымдағы № ДЗ-216 сауалыңызды қарап, мыналарды хабарлайды.

Теңгенің Ресей рубліне қатысты айырбастау бағамы тікелей қалыптаспайды, ол толығымен теңге мен рубльдің АҚШ долларына қатысты жеке жеке қалай қалыптасатынына байланысты болады. Теңге/рубль нарығы дербес қалыптасатындай айтарлықтай күрделі әрі өтімді емес, бұл – РФ мен ҚР арасындағы сауда теңгерімсіздігіне, сондай-ақ Қазақстан экспорттаушыларының өз өнімдерін Ресей Федерациясына теңгемен сатпайтынына байланысты. РФ-да

теңгеге сұраныстың төмен болуы да осыған байланысты, оның үстіне Ресей экспорттаушылары Қазақстанға өз экспортының көп бөлігін Ресей рублімен сатады.

Демек, қазіргі теңгенің рубльге қатысты әлсіреуі РФ-да енгізілген капитал қозғалысын бақылау шаралары, энергия ресурстарын қоса алғанда, негізгі экспорттық тауарлар бағасының қымбаттауы аясында АҚШ долларына қатысты рубль бағамының айтарлықтай нығаюынан ғана болып отыр.

Ұлттық Банк өзгермелі айырбастау бағамы саясатын ұстанады, бұл теңгерімсіздіктердің көбеюіне жол бермейді әрі елдің алтынвалюта резервтерін сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан рубльмен немесе кез келген басқа валютамен тепе-теңдікке ықпал ету мақсатында ұлттық валюта бағамымен қандай да бір айла-шарғы жасалмайды.

Жинақталған қолма-қол Ресей рублі мәселесі бойынша Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп, жинақталған рубль мәселесін шешу үшін 10 мың АҚШ долларынан асатын сомадағы шетел валютасын елден әкетуді шектеу жөніндегі қолданыстағы Жарлыққа екінші деңгейдегі банктер үшін қолма-қол рубльді бір рет әкету мүмкіндігі көзделген толықтырулар енгізгенін хабарлаймыз. Мәселен, Үкіметтің қаулысында 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша кассаларда жинақталған көлемі шегінде қолма-қол Ресей рублін 2022 жылғы 31 тамызға дейін әкетуге рұқсат берілді.

Рұқсат қолма-қол рубльді қолма-қол ақшасыз нысанға конвертациялау және банктердің корреспонденттік шоттарын толықтыру мақсатында енгізілді.

Рубльді басқа валютаға конвертациялайтын шетел азаматтары үшін капиталды доллармен немесе еуромен әкетуге шектеу енгізуге қатысты бірінші ұсыныс бойынша

Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін болдырмау және ішкі валюта нарығындағы алыпсатарлық сұраныс қысымын төмендету мақсатында «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы» ҚР Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 830 Жарлығы (бұдан әрі – Жарлық) қабылданды.

Жарлықта ҚРҰБ әкету күніне белгілеген бағам бойынша есептелген 10 000 (он мың) АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы қолма-қол шетел валютасын және (немесе) шетел валютасындағы ақша құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге шектеулер енгізілді.

Шара қолма-қол шетел валютасына алыпсатарлық сұраныстың қысымын төмендетуге және шетел валютасын елден әкету тәуекелдерін нивелирлеуге мүмкіндік берді. Мұндай шараларды көрші елдер ішкі қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қабылдады.

Жарлық Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кететін субъектілер мен тұлғалардың жекелеген санаттарына қатысты қандай да бір ерекшеліктерді (алып қоюды) көздемейді.

Бұдан басқа, Қазақстанда резиденттердің бейрезиденттермен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына қандай да бір шектеулерді көздемейтін либералдық валюталық режим қолданылады.

Бұл Қазақстан қабылдаған халықаралық міндеттемелерге, сондай-ақ елде қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты.

Айырбастау пункттерінің Ресей рублін сатып алуына және сатуына шектеулер енгізуге қатысты екінші ұсыныс бойынша

Мұндай шектеулерді енгізу валюталық заңнама шеңберінде «арнайы валюталық режимді» енгізу арқылы мүмкін болады. Алайда, мұндай шектеулер мен мұндай режим тәуеліз резервтердің «сарқылуы», елдің төлем балансының нашарлауы, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық үшін елеулі тәуекел болған жағдайда ғана енгізілуі тиіс.

Бүгінгі күні төлем балансының айтарлықтай нашарлауының байқалмайтынын ескере отырып, Ұлттық Банк өз мандаты шеңберінде елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын және резервтердің сақталуын қамтамасыз етеді. Демек, айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатып алуына және сатуына шектеу енгізу орынсыз болып табылады және қарастырылмайды.

Оның үстіне, мұндай шараларды енгізу инвестициялық ахуалға айтарлықтай зиянын тигізеді, мұндай жағдай елдің инвестициялық тартымдылығына теріс әсер етуі мүмкін.

Рубльдің нығаюы РФ өнімі импортының тартымдылығын төмендетеді және сонымен бірге отандық өндірістің дамуын ынталандырады. Нәтижесінде, Қазақстанның заңды және жеке тұлғалары жаңа жағдайларға, оның ішінде басқа өңірлерден импорттың баламалы көздерін іздеу есебінен бейімделеді. Қазақстан нарығы жағдайлардың өзгеруіне байланысты дербес бейімделуге және сұранысты, ұсынысты және жеткізу арналарын түзетуге тиіс деп ойлаймыз.

Рубльдің теңге бойынша арнайы есептік бағамын қалыптастыруға қатысты үшінші ұсыныс бойынша

Теңгенің рубльге қарсы **нарықтық емес** арнайы айырбастау бағамын таргеттеу, қалған валюталарға қарсы бағамды еркін қалыптастыру кезінде нарыққа қатысушыларға тәуекелсіз пайда үшін төрелік мүмкіндіктер жасайды. Басқалай айтқанда, нарыққа қатысушылар Қазақстанда басқа елдердегі «қымбат» рубльге қарағанда салыстырмалы түрде «арзан» рубль сатып алатын болады.

Бұл жағдайда ұлттық валюта бағамына алыпсатарлық шабуылдар Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтерінің сарқылуына алып келеді және экономикада теңгерімсіздіктерді тудырады. Сол себепті, рубль/теңге жұбының бағамына әсер ету мақсатындағы кез келген айла-шарғыға жол берілмейді.

Ұлттық Банк айырбастау бағамының еркін өзгеру қағидаттарын ұстанады. Бағам орын алған нарықтық жағдайларға байланысты да қалыптасатын болады.

Қаржы министрлігінің жинақталған рубль массасын Үкімет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Ресей рубліне номинирленген борышын мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдалану мүмкіндігін қарауға қатысты төртінші ұсыныс бойынша

Мемлекеттік борышты шығару, оған қызмет көрсету және өтеу Қаржы министрлігінің құзырында, осыған байланысты рубльдегі міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімді эмитент қана қабылдай алады.

Қаржы министрлігі шығарған еурооблигацияларды өтеу де ішкі валюта нарығында теңгені шетел валютасына конвертациялау арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен не Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері есебінен жүзеге асырылады. Осыған байланысты рубльмен шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді өтеу үшін жинақталған Ресей рублі пайдаланылмайды.

Бұдан басқа, жоғарыда атап өткендей, қолма-қол ақшасыз нысанға конвертациялау және банктердің корреспонденттік шоттарын толықтыру мақсатында жинақталған қолма-қол рубльдер бір рет әкетілетін болады. Банктердің қолма-қол ақшаны әкетуіне тыйым салуды толығымен алып тастау мәселесі жағдайдың тұрақталуына қарай қарастырылатын болады.

Төраға

Ғ. Пірматов

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ _____

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Жамалову А.М.

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Алимбаеву Д.К.

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Нурумовой Г.А.

на депутатский запрос ДЗ-216 от 29.06.2022 года

Уважаемый Аманжан Макаримович!

Уважаемый Данияр Кенгазыевич!

Уважаемая Гульдара Алданышевна!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев Ваш запрос №ДЗ-216 от 29.06.2022 года, сообщает следующее.

Обменный курс тенге по отношению к российскому рублю не формируется напрямую, а полностью зависит от того, как ведут себя индивидуально тенге и рубль по отношению к доллару США. Рынок тенге/рубль недостаточно глубокий и ликвидный для самостоятельного формирования, что связано с торговым дисбалансом между РФ и РК, а также с тем, что казахстанские экспортеры не продают свою продукцию в Российскую Федерацию за тенге. Этим обуславливается низкий спрос на тенге в РФ, в отличие от российских

экспортеров, которые большинство своего экспорта в Казахстан продают за российские рубли.

Следовательно, текущее ослабление тенге по отношению к рублю происходит исключительно из-за значительного укрепления курса рубля по отношению к доллару США на фоне введенных в РФ мер контроля движения капитала, высоких цен на основные экспортные товары, включая энергоресурсы, вкуче с существенным сокращением импорта.

Национальный Банк следует политике плавающего обменного курса, что исключает накапливание дисбалансов и одновременно позволяет сохранить золотовалютные резервы страны. Поэтому какие-либо манипуляции с курсом национальной валюты в целях воздействия на паритет с рублем или любой другой валютой исключены.

По вопросу скопившихся наличных российских рублей сообщаем, что Национальным Банком совместно с Правительством для решения вопроса с накопленными рублями были внесены дополнения в действующий Указ по ограничению вывоза из страны инвалюты в сумме, превышающей 10 тысяч долларов США, предполагающие возможность разового вывоза наличных рублей для банков второго уровня. Так, постановлением Правительства разрешен вывоз наличных российских рублей до 31 августа 2022 года в пределах накопленного объема в кассах по состоянию на 1 июля 2022 года.

Разрешение введено в целях конвертации наличных рублей в безналичную форму и пополнения банками корреспондентских счетов.

По первому предложению касательно введения ограничения на вывод капитала в долларах, или евро для иностранных граждан, конвертирующих рубли в другую валюту

В целях предотвращения рисков финансовой стабильности и снижения давления спекулятивного спроса на внутреннем валютном рынке принят Указ Президента РК от 14 марта 2022 года № 830 «О мерах по обеспечению финансовой стабильности Республики Казахстан» (далее – Указ).

Указом введены ограничения на вывоз из территории РК наличной иностранной валюты и (или) денежных инструментов в иностранной валюте в сумме, превышающей эквивалент 10 000 (десять тысяч) долларов США, рассчитанной по курсу НБРК на дату вывоза.

Мера позволила снизить давление спекулятивного спроса на наличную иностранную валюту и нивелировать риски вывоза иностранной валюты из страны. Аналогичные меры были приняты соседними странами в регионе для обеспечения стабильного функционирования внутренней финансовой системы.

Указ не предусматривает каких-либо исключений (изъятий) в отношении отдельных категорий субъектов и лиц, выезжающих за пределы Республики Казахстан.

Кроме того, в Казахстане действует либеральный валютный режим, не предусматривающий каких-либо ограничений на осуществление резидентами предпринимательской деятельности с нерезидентами.

Указанное обусловлено, в том числе, принятыми Казахстаном международными обязательствами, а также необходимостью обеспечения благоприятного инвестиционного климата в стране.

По второму предложению касательно введения ограничений на покупку и продажу российских рублей обменными пунктами

Введение подобных ограничений возможно посредством введения «специального валютного режима» в рамках валютного законодательства. Однако, подобные ограничения и такой режим должны вводиться только в случае серьезного риска «истощения» суверенных резервов, ухудшения платежного баланса страны, а также существенного риска для финансовой стабильности.

Учитывая, что на сегодняшний день существенного ухудшения платежного баланса не наблюдается, Национальный Банк в рамках своего мандата обеспечивает стабильность финансовой системы страны и сохранность резервов. Следовательно, введение ограничения на покупку и продажу иностранной валюты обменными пунктами является нецелесообразным и не рассматривается.

Более того, введение подобных мер серьезно вредит инвестиционному климату, такой прецедент может крайне негативно отразиться на инвестиционной привлекательности страны.

Укрепление рубля снижает привлекательность импорта продукции из РФ и одновременно стимулирует развитие отечественного производства. В результате, юридические и физические лица Казахстана подстраиваются под новые условия, в том числе за счет поиска альтернативных источников импорта из других регионов. Полагаем, что рынок Казахстана должен самостоятельно адаптироваться ввиду изменения условий и корректировать спрос, предложение и каналы поставки.

По третьему предложению касательно формирования специального расчетного курса рубля к тенге

Таргетирование **нерыночного** специального курса обмена тенге против рубля, при свободном формировании курса против остальных валют, будет создавать арбитражные возможности для безрисковой прибыли для участников рынка. Иными словами, участники рынка будут скупать относительно «дешевый» рубль в Казахстане против «дорогого» в остальных странах.

В этом случае, спекулятивные атаки на курс национальной валюты повлекут истощение золотовалютных резервов Национального Банка и образуют дисбалансы в экономике. Следовательно, любые манипуляции в целях воздействия на курс пары рубль/тенге неприемлемы.

Национальный Банк остается приверженным принципам свободного плавления обменного курса. Курсообразование будет также формироваться в зависимости от сложившихся рыночных условий.

По четвертому предложению касательно рассмотрения возможности использования Министерством финансов накопленной рублевой массы для досрочного погашения долга Правительства и субъектов квазигоссектора, номинированного в российских рублях

Выпуск, обслуживание и погашение государственного долга является прерогативой Министерства финансов, в связи с чем, решение о досрочном погашении рублевых обязательств может быть принято только эмитентом.

Также погашение еврооблигаций, выпущенных Министерством финансов, осуществляется безналичным способом путем конвертации тенге на иностранную валюту на внутреннем валютном рынке либо за счет золотовалютных резервов Национального Банка. В связи с чем, накопленные российские рубли не могут быть использованы для погашения обязательств по выпущенным рублевым облигациям.

Кроме того, как было отмечено выше, накопленные наличные рубли будут разово вывезены в целях конвертации в безналичную форму и пополнения банками корреспондентских счетов. Рассмотрение вопроса полной отмены запрета на вывоз наличных рублей банками возможно по мере стабилизации ситуации.

Председатель

Г. Пирматов